

Бекітемін:
«Бөбек kids» жеке бөбекжайы
менгерушісі М.Айтқалиева
№1 Педагогикалық кеңес
«29» тамыз 2024 жыл



«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу
бағдарламасы негізінде**

2024-2025 оқу жылына «Болашақ» ересек тобына арналған

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетінің перспективалық жоспары

Қазақ тілі пәні мұғалімі: Сариева М.Е

Білім беру ұйымы: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Тілдік дамытушы орта: әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліне тән ө дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: туыстық қарым-қатынасты (сіңлі, жеңге, жезде, нағашы, жиен, бөле) білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, жауап беруге үйрету. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері.
Қазан	Тілдік дамытушы орта: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс құбылыстар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліне тән қ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөйлеуде тыныс алуды дамыту. Сөздік қор: өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: табиғаттағы қауіпті нысандар.
Қараша	Тілдік дамытушы орта: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор: жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: үйдегі және ауладағы жануарлардың айырмашылығы.
Желтоқсан	Тілдік дамытушы орта: ұжымдық әңгімеге қатысуға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор: құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: үйдегі қауіпті заттар.
Қаңтар	Тілдік дамытушы орта: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Сөздік қор: қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап беруге үйрету.

	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: серуенге арналған аумақ ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар.
Ақпан	Тілдік дамытушы орта: бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліне тән ү дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Тілдің грамматикалық құрылымы: үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: көмекші ескерту; іздеу немесе тұру керек пе?
Наурыз	Тілдік дамытушы орта: бейнелеу құралдарын қолдана отырып, сахналық қойылымдарда жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліне тән ұ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: үлгі бойынша жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрация бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға үйрету. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: қауіпсіз тамақтану ережелері.
Сәуір	Тілдік дамытушы орта: сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліне тән і дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу: өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: үйдің мекен-жайы мен ата-ананың телефон нөмірлерін үйрету.
Мамыр	Тілдік дамытушы орта: түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастырының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліне тән ғ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы: өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу: ойыншықтар мен заттардың 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету: сенімділік шеңберлері, ересектердің ережесі: егер бейтаныс адам есікті қақса не істеу керек?